

Ақпараттың сапасы мен толықтығына мүдделі тараптардың қанағаттанушылығын зерттеу

Университетте қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету және жұртшылықты университеттің миссиясы, мақсаттары, стратегиялық басымдықтары, білім беру бағдарламалары, оқу нәтижелері, кадрлық әлеуеті және жоғары оқу орнының басқа да қызмет бағыттары туралы ақпараттандыру бойынша жүйелі тәсіл жүзеге асырылады. Университеттің ақпараттық саясаты барлық мүдделі тараптар — студенттер, оқытушылар, қызметкерлер, жұмыс берушілер, түлектер мен жұртшылық өкілдері үшін деректердің ашықтығын, қолжетімділігін және шынайылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Зерттеу әдістемесі

Мүдделі тараптардың ұсынылатын ақпараттың сапасына және толықтығына қанағаттанушылық деңгейін бағалау мақсатында университетте жыл сайын сауалнама жүргізіледі. Мониторинг онлайн форматта Platonus корпоративтік ақпараттық жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Сауалнамаға мүдделі тараптардың шамамен 50%-ы қатысты.

Анкета келесі көрсеткіштерді бағалауға бағытталған сұрақтар блогынан тұрады:

респонденттердің университет миссиясы мен стратегиялық мақсаттары туралы хабардар болу деңгейі;

білім беру бағдарламалары, қабылдау ережелері, оқу шарттары, студенттер мен оқытушылардың жетістіктері туралы ақпараттың қолжетімділігі мен толықтығы;

ресми интернет-ресурстардағы ақпараттың жаңартылу уақтылығы мен өзектілігі;

кадрлық құрам, оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз ету туралы деректердің ашықтығы;

әкімшілік және құрылымдық бөлімшелермен коммуникация сапасы;

университеттің сайты мен әлеуметтік желілеріндегі ақпараттың ыңғайлылығы мен қабылдану жеңілдігі.

Сауалнама университеттің негізгі мүдделі тараптары — білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, түлектер және университетпен ынтымақтастық орнатқан жұмыс берушілер арасында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері (2024–2025 оқу жылы)

Соңғы сауалнама қорытындылары бойынша келесідей нәтижелер анықталды:

респонденттердің 78%-ы университеттің ресми сайтында орналастырылған ақпараттың шынайылығы мен өзектілігін оң бағалады;

74%-ы оқу бағдарламалары мен оқытушылар туралы ақпараттың толық әрі түсінікті түрде берілгенін атап өтті;

69%-ы оқу нәтижелері, студенттердің жетістіктері және ғылыми жарияланымдар туралы деректердің қолжетімділігіне қанағаттанған;

71%-ы әкімшілік және оқу бөлімдерімен коммуникация жоғары деңгейде жүзеге асырылатынын көрсетті;

7%-ы жаңалықтар, статистикалық есептер мен талдамалық материалдарды жиі жаңартып отыру қажеттілігін атап өтті;

5%-ы сайттағы «Жұмыс берушілерге» және «Түлектерге» арналған бөлімдерді кеңейтуді ұсынды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мүдделі тараптар ұсынылатын ақпараттың сапасы мен толықтығына жоғары деңгейде қанағаттанған, сондай-ақ университеттің ресми дереккөздеріне сенім білдіреді.

Қабылданған шаралар және жетілдіру бағыттары

Талдау нәтижелері бойынша университет ақпараттық саясаттың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар іс-шараларды жүзеге асырады:

студенттерге, оқытушыларға және сыртқы пайдаланушыларға арналған негізгі ресурстар мен сервистерді біріктіретін бірыңғай цифрлық портал құру және дамыту;

сайттағы және университеттің ресми әлеуметтік желілеріндегі контенттің өзектілігін тұрақты мониторингтеу жүйесін енгізу;

кері байланыстың интерактивті құралдарын (онлайн-сауалнамалар, пікір қалдыру формалары, чат-боттар, жедел желілер) дамыту;

сайттағы аналитикалық және статистикалық есептер, түлектердің жұмыспен қамтылуы, ғылыми жарияланымдар мен халықаралық жобалар туралы мәліметтерді кеңейту;

университет миссиясы, стратегиялық міндеттері мен жетістіктеріне арналған ақпараттық кездесулер өткізу;

университет қызметі туралы жыл сайынғы ашық есепті дайындау және оны барлық мүдделі тараптардың қолжетімділігіне ұсыну.

Жалпы зерттеу нәтижелері университеттің қызметінің ашықтығы жоғары деңгейде қамтамасыз етілетінін және қоғамды мақсаттары, жетістіктері мен даму келешегі туралы тиімді түрде ақпараттандырып отырғанын дәлелдейді. Сонымен қатар, сапаны қамтамасыз ету ішкі жүйесі аясында коммуникациялық ортаны жетілдіру, цифрлық құралдарды дамыту және ақпараттық өзара әрекеттестіктің интерактивтілігін арттыру жоспарлануда.

**Стратегиялық жоспарлау және
сапаны қамтамасыз ету басқармасы**